



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 17 (8404) Сенбі 13 ақпан 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ

АПЫНҒАН АСУПАР, АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР

А.Шотбасова,
“Ауыл жаңалығы”.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2013 ЖЫЛ 15 ТАМЫЗДАҒЫ «ӘКІМДЕРДІҢ ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ» №615 ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС АУДАНЫМЫЗДЫҢ 43 ЕЛДІМЕКЕНІНДЕ БАЙЗАҚ АУДАНЫ ӘКІМІ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ ЕЛ АЛДЫНА ШЫҒЫП ЕСЕП БЕРУ ЖИЫНДАРЫ ӨТКЕРІЛГЕНІ БЕЛГІЛІ.

Аудан әкімінің тұрғындармен кездесулері ақпан айының алғашқы күнінен бастау алса, кеше жұма күні қорытынды есеп берілді. Аудандық әл-фараби атындағы мәдениет үйінде өткен жиында жамбыл облысы әкімінің орынбасары Е.МАНЖУОВ қатысты.

Алдымен жиылған қауым аудан әкімі М.Шүкеевтің ауданның 2015 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебін тыңдады.

- Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында қазіргі таңда әлемдік ахуалдың күрделі кезеңмен ұштасып отырғанын атап өтті. «Бүгінгі ахуал - біздің жетістіктерімізді сынға салып, елдігімізді шыңдай түсетін кез» - деді Елбасы. Сонымен қатар, Елбасы мұндай аса жауапты сәтте бірліктің сақталуы аса маңызды екенін, сондай-ақ, барша қоғам ел игілігі үшін аянбай тер төгу қажеттігін, заманның беталысына қарай межелерімізді белгілеп, жоспарларымызды жөндеп отыруымыз

қажет екендігін атап өтті. Осы тұрғыдан біз бүгін қол жеткізген жетістіктерімізді саралап, даму жолымыздың бағыттарын белгілеу сәтіне келіп отырмыз, - деген Мұратхан Жүнісәліұлы ауданның өнеркәсіп орындарымен өндірілген өнім

жоспарлауда. «Құлан» бағдарламасы бойынша 8 шаруа қожалығы 60,750 млн. теңге несие алып, 234 бас жылқы малын сатып алған. Жоспардың орындалуы 117%. «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 6 шаруа қожалығы 52,542 млн. теңге

байланысты, бізде бүгінгі таңда барлығы 228 шаруа қожалықтары 18 ауылдық тұтыну кооперативі мен 10 шаруа қожалықтарына біріктірілген.

2015 жылы шаруашылықтарды біріктіріп, ірілендіру жоспары 205 болса, жыл соңына 207 шаруа қожалық 68 шаруа қожалыққа біріктірілген.

Бұдан бөлек, шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы жетістіктер, «Бизнестің жол картасы -2020», «Үдемелі индустриалды-инновациялық» бағдарламаларының жемісі сөз етілді.

Мысалға, былтыр ауданымызда «Серік», «Нұр», «Қанай», «Ағали», «Талап» шаруа қожалықтары, «Жамбыл құс фабрикасы», «Керамик шағал» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері, «Мусалиева Ботакөз», «Нукиева Айжан», «Лесняк», «Асылбек», «Большебеков Алмас», «Дабылова Роза», «Карпыков» жобалары жүзеге асып, жеке кәсіпкерлер субсидияланған 7 пайыздық мөлшермен несие алып, тиісті жұмыстарын жүзеге асыруда. Ал, 2015 жылы Мырзатай

ауылдық округіндегі «Әулие Ата-Феникс» ЖШС-нің құс етін тереңдетіп өндіретін фабрикасының жобасы енгізіліп, 2016 жылдың бірінші жартыжылдығына жүзеге асырылуы жоспарлануда.

Өткен жылы аудандағы тұрғын үй құрылысында да өсу қарқыны байқалған. 2015 жылы жалпы ауданы - 24578,0 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, 2014 жылмен салыстырғанда 105,7 пайызды құрайды.

(Жалғасы 2-бетте).



көлемі, өңіріміздегі ауылшаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі, «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық», «Ырыс» бағдарламаларының орындалуы туралы айтты.

Бүгінгі күнге «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 6 шаруа қожалығы 72,270 млн. теңге несие алып, 327 бас МІҚ малын сатып алған. Жоспардың орындалуы 93,7%. Сонымен қатар, «Сіргебай ата» шаруа қожалығы алған 20 млн. теңге несиге 116 бас МІҚ малын сатып алуды

несие алып, 2068 бас уақ малын сатып алған. Жоспардың орындалуы 114,9%. Ал, «Ырыс» бағдарламасы негізінде Түймекент ауылдық округінен «Ақжар» шаруа қожалығы АШҚҚҚ-нан жалпы сомасы 27,0 млн. теңге несие алып, 50 бас сауын сиыр сатып алып, жұмыс істеуде екен.

Аудан басшысы ұсақ шаруа қожалықтарын ірілендіру агроөнеркәсіп кешенінің қарқынды дамуына қосымша серпін беретіндігін де атап өтті. Осыған

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ АЗАЙМАЙДЫ

1941-1945 жылдары ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде қолына қару алып, Отан қорғаған азаматтарымыздың ерлігі өлшеусіз. Халқымыздың елдік болмысы мен ерлік қасиеті сынға түскен қауырлы сынаққа ауданымыздан аттанғандардың қатарында Бурыл ауылында тұратын Иван Григорьевич Дужинский де бар.

Отты жылдардың бел ортасында болып, елдің тыныштығы үшін жанын салған, бейбіт заманда да мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі жолында еңбек еткен соғыс ардагері жуырда 95-ке толды.

Ардагерлерге қашанда құрмет азаймақ емес. Иван Григорьевичті осынау қуанышымен құттықтау үшін сәрсенбінің сәтінде аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев бастаған аудандық мәслихаттың хатшысы Н.Үкібаев, ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Беспаев, Бурыл ауылдық округінің әкімі Е.Әліқұлов және осы ауылдың жастары соғыс ардагерінің үйіне келді.

- Біз Сіздің ерліктеріңізді еш ұмытпаймыз. Майдандағы қайсарлығыңыз, одан кейінгі еңбек жолыңыз - кейінгілерге үлгі. Деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ болғай, - деді құттықтау сөзінде Сағындық Жұмағұлұлы. Өз тілек, лебіздерін аудандық мәслихаттың хатшысы Н.Үкібаев, ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Беспаев, Бурыл ауылдық округінің әкімі Е.Әліқұлов та білдірді.

Мұнан соң ардагерге аудан әкімінің арнайы құттықтау хаты мен гүл шоқтары, бағалы сыйлықтар табысталды.

Өз кезегінде Иван Григорьевич те Елбасыдан бастап ел ағаларының қамқорлығы мен қолдауын үнемі көріп келе жатқандығын ауызға алып, «елде тек тыныштық орнап, бейбітшілік болсын» деген батасын берді. Алғыс сезімін соғыс ардагерінің қызы Наташа Ивановна да айтып жеткізді.


Өз тілшіміз.



ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ-ХАЛЫҚТЫҢ ҚОЛДАУЫ

Конкретные шаги, обеспечивающие прорыв

Б.Кадырбек,
и.о. директора КГУ «Молодёжный ресурсный центр» отдела внутренней политики акимата района.



Мы сегодня рассматриваем ежегодное Послание Президента страны как важнейший документ современной истории. Это национально-государственные программы, стратегии, обеспечивающие стране и гражданам экономический, социальный и культурный подъём в период кризисных перемен.

Нынешнее Послание, как и ожидалось, посвящено конкретным проблемам развития страны в условиях мирового кризиса и крайне непростой международной обстановке.

Этот документ представляет собой конкретный план, определяющий стратегическое развитие страны не только на ближайшие годы. Из уст Президента прозвучал призыв к сплочённости, труду и бережливости.

И всё же значительная часть Послания была уделена экономическому блоку, из пяти направлений антикризисных и структурных преобразований. Четыре напрямую касаются экономической сферы - это стабилизация финансового сектора, оптимизация бюджетной политики, приватизация и стимулирование экономической конкуренции, основы новой инвестиционной политики.

В настоящем документе Президент призвал уделять больше внимания человеку труда. Именно поэтому Глава государства объявил с 2017 года старт программы всеобщего бесплатного профессионального образования. Это большое подспорье для нашей молодёжи.

Одним словом, конкретные шаги антикризисных и структурных преобразований, направленные на изменение социально-экономического развития государства, помогут реализовать меры, которые обеспечат прорыв на пути повышения уровня благосостояния народа.

ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Жолдауы Қазақстан халқына әлемде қалыптасып отырған жағдайдан аман алып шығу жолдарын көрсетіп берген жаңа экономикалық саясат. Бұл күндері аталмыш Жолдау елімізде қызу талқыланып, бірауыздан қолдау табуда. Осындай кезекті бір талқылау жиыны өңірдегі 28349 әскери бөлімінде болып өтті. Жиналған әскери құрам алдында күзет және такелаждық жұмыстар взводының бөлімше командирі, пропорщик Нұрлан Дәулетбаев баяндама жасап, Жолдаудың саяси мән-мазмұнын ашып көрсетті.

Жеке құрам Елбасы Жолдауына жете мән беріп, оны ден қоя тыңдады. Жаңа экономикалық саясат тыңдаушылардың көңілдеріне нұр құйғандай қанағаттанарлық сезіммен қабылдады. Елбасының осындай жауапты кезеңде Қазақстан халқын ынтымақтастыққа, бірлікке шақырған үндеуін жоғары ықыласпен тыңдап, қолдау білдірді.

Өз тілшіміз.



АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ

АПЫНҒАН АСУПАР, АПДАҒЫ МІНДЕТТЕР

(Жалғасы, Басы 1- бетте).

Міне, осы мәселелер төңірегінде егжей-тегжейлі айтып өткен аудан әкімі жол қатынасын ыңғайлы әрі қауіпсіз ету мақсатында атқарылған жұмыстар, елдімекендерді газ, ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейі, ауылдардың даму динамикасына «Өңірлерді дамыту» бағдарламасының тигізіп отырған ықпалы, денсаулық сақтау, білім беру, спорт, мәдениет салаларындағы, қылмыспен күресу және оның алдын алудағы соны ілгерілеушіліктермен қоса, керісінше кемшін кеткен тұстарға да тоқталды.

Айталық, денсаулық сақтау саласы бойынша 2015 жылы 1 жасқа дейінгі 26 баланың өліміне жол берілген, алдыңғы жылы ол көрсеткіш 21-ді құраған. Яғни, есепті жылы 5 оқиғаға артқан. Сонымен қатар, биыл бала туу көрсеткіші де аз. 2014 жылы 2 600, 2015 жылы 2 464 бала туылған.

Ал, аудан бойынша 2015 жылдың қаңтар - қыркүйек айларында барлығы ішкі істер бөлімінде жалпы қылмыстардың тіркелуі 2014 жылы 481-ден 2015 жылы 582-ге артқан. Осыларға ерекше мән беріп өткен Мұратхан Жүнісәліұлы өндірі жерде денсаулық сақтау, құқық қорғау салалары қызметкерлерінің міндеті арта түсетіндігін ауызға алды. Осы ретте елдімекендерде орын алған заң бұзушылықтардың барлығын жақында ғана тағайындалған жергілікті полиция қадағалайтынын тілге тиек етіп, бұл бастама қылмыстың құрықталуына оң ықпал ететіндігіне сенім білдірді.

Аудан басшысы өзі баяндамасын: «Құрметті жерлестер! Елбасы «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласында Біз Қазақстанның осынау тарихи тағдырына сенеміз. Мен қазақстандықтарды Ұлт жоспарын жүзеге асыруға және

реформаларды жүргізуге барынша белсенді қатысуға, олар ашатын мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамын. Біз өзіміздің қазақстандық арманымыздың орындалуына және Қазақстанның өркендеуіне сенімді түрде қол жеткізетін боламыз! – деп атап өткен. Осы ауқымды іске байзақтықтар белсенділік танытып, өз үлестерін қосады деген сенімдемін. Бастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, жанұяларыңызға бақыт тілеймін» деген сөздермен тәмамдады.

әсіресе ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты күшейту, ал, Серік Ермеков ауданның ауылшаруашылығы саласындағы ілгерілеушіліктер ерекше қуаныш сыйлайтындығын, келешекте агротехникалардың санын көбейту турасындағы ойларымен бөлісті. Ал, білікті кәсіпкер Мауыт Фазулов елімізде еңбек етем деушілерге ерекше қамқорлық жасалып жатқандығын айтса, Наталья Шин ауданымыздағы ұлттар арасындағы достық, аудан әкімшілігі тарапынан

иттерді жою мәселелері айтылған.

Тұрғындардың бұл ұсыныс-тілектері назарға алынып, аудан әкімі М.Шүкеев тиісті сала басшыларына тапсырмалар беріп, бақылауға алынатынын жеткізді.

Есепті жиынды облыс әкімінің орынбасары қорытты. Ерқанат Нұрбапаұлы елдің бірлігі, келісімі мен тұрақтылығы - ең басты байлық екендігін айта келе, әрбір азаматтың денсаулыққа ден қоюы, жастарға сапалы білім беру, оларды техникалық мамандықтарға баулу, қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу, халықты жұмыспен қамту және жекеменшік балабақшалар ашуды қолға алу күн тәртібіндегі басты мәселе екендігін атап өтті.

Өңір басшысының орынбасары сонымен бірге 10 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген кеңесінде Елбасының айтқан тапсырмалары туралы әңгімелеп, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, орындалуы тиіс жұмыс жоспарымен таныстырды. Байзақ ауданында атқарылған жұмыстарға өз бағасын беріп өтті. Осы бағыттан таймай, елді дамуға бастауға шақырды. «Бұл жыл кризис жылы

емес, байзақтықтар үшін кіріс жылы болсын» - деген ізгі тілекпен Ерқанат Манжуов өз сөзін қорытты.

Жиын барысында аудан әкімінің ауданның 2015 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебі арнайы дайындалған слайд арқылы экраннан көрсетіліп тұрса, бүгінгі таңда республика көлемінде үлкен сұранысқа ие болып отырған ауданымыздағы «Ақ ниет», «Молочный Бидончик», «Есенбаев М» және «Rolla» шаруа қожалықтары өндірген шұжық, сүт, май, макарон өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

ӘКІМДЕР ЕСЕП БЕРДІ. ХАЛЫҚ НЕ ДЕДІ?

ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУЛЕР - ХАЛЫҚ ПЕН БІЛІК АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

ЖЕРГІЛІКТІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ ТҮРҒЫНДАР АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТЕРІ АЯҚТАЛЫСЫМЕН АУДАН ӘКІМІ М.ШҮКЕЕВТІҢ 2015 ЖЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЕЛДІМЕКЕНДЕРДЕ БОЛЫП, АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ ЖАЛҒАСЫП ЖАТҚАНЫНАН ОКЫРМАН ҚАУЫМ ҚҰЛАҒДАР БЕКІТІЛГЕН КЕСТЕГЕ СӘЙКЕС, АУЫЛ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІНІҢ БІРІКСКЕН ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ СӨРСЕНІ КҮНІ ДИХАН ЖӘНЕ ТҮЙМЕКЕНТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ БЕЙСЕНБІДЕ СУХАНБАЕВ ЖӘНЕ ЖАНАТҰРМЫС АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНДЕ ЖАЛҒАСТЫ.

Алдымен, Дихан ауылдық округ әкімінің міндетін уақытша атқарушы Айман Тыныбекова, Түймекент ауылдық округінің әкімі Бақыт Алсейтов, Суханбаев ауылдық округінің әкімі Марат Өзбеков, Жанатұрмыс ауылдық округінің әкімі Қайрат Шалбаевтардың есепті баяндамаларынан соң, аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлының аудан аумағында өткен 2015 жыл барысында атқарылған жұмыстар, шешімін күткен проблемалық мәселелер, жүктелген міндеттемелер туралы жасаған баяндамасында бүгінгі егемен еліміздің Тәуелсіздік алған жылдар ішінде қол жеткізген толағай жетістіктерінен бастап, облыс өңірінде, аудан аймағындағы әрбір нақты елдімекендердегі ауыл тұрғындарының көз алдында жүзеге асырылған игі істер кімді болса да бей-жай қалдырмады. Сөзін қорыта келе,

аудан басшысы ауыл тұрғындарын бірлікке, ынтымаққа, Елбасы қойған міндеттерді орындауда аябай еңбек етуге және алдағы саяси науқанға бірікпелі атсалысуға шақырды. Әкімдердің есепті баяндамалары оқылып

біткен соң ауыл тұрғындары тарапынан қойылған сұрақтар, сын-ескертпелер, ұсыныстар, ой-пікірлер көпшілік қауымға тән мәселелер төңірегінде өрбиді. Енді сол мәселелерге нақты тоқталсақ.

Атап айтқанда, аймәңгелік ауыл имамы К.Рахманов ауылға көлік қатынасының қиындығын алға тартып, көшеге жөнделу жұмыстарын жүргізіп, жол белгілерін орнату жайын қозғалды. Ленин орта мектебінің ұстазы Б.Алғадаева мектептің қазіргі жай-күйіне алаңдаушылық білдірсе, Жеңіс ауылының тұрғындары ауыл ішіндегі шағын көшеге тас шағал төсеп беруді өтінді. Аудан басшысы жол жөнделу жұмыстарына қаржы қарастырылғанын, жол белгілерін орнату ісі де назарда болады дей келе, Ленин орта мектебіне күрделі жөнделу жүргізілмесе де, ағымдағы жөнделу жұмыстары атқарылатынын айтты. Ал, ауыл фельдшері Р.Алашбаева ауыл тұрғындары атынан аудан басшысына ризашылық сезімін жеткізді.

Түймекент ауылындағы есепті кездесуде Ақжар ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Л.Қалабаев ауылдан күм өңіріне

дәрігерлерінің қызметіне риза екенін білдірді. Лесбек қажының өтініші бойынша аудан әкімінің орынбасары Ә.Қылыбаев көтерілген мәселелерге қатысты түсінік берді. Түймекент ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Бозай Оразалы ауылдағы жаңа мектеп құрылысына



шексіз ризашылық білдіріп, жедел жәрдем қызметіне тұрғындар атынан алғыс білдірді. Тұрғылықты халықтың жыл санап артуына байланысты ауылға бір дәрігердің азық ететінін, Д.Қонаев көшесіндегі екі жүзге тарта үйге ағын су жеткізу мәселесін көтерді.

Сөз соңында ауыл және аудан әкімінің есепті баяндамаларын қанағаттанарлық деп бағалады. Елбасы тапсырмасына сай, мектептегі үш ауысымдық жүйені жою мақсатында «Нұрлы Жол» бағдарламасымен 300 орындық мектеп құрылысы үстемізіндегі жаңа оқу жылында пайдалануға берілетінін, ауданда дәрігерлер тапшылығы сезіліп отырғанын айтты аудан әкімі өз жауабында.

Суханбаев ауылдық округінде қарасулық тұрғын Рахманқұл Қуанышбай медициналық тірек қызметін сыңға алып, тоғандағы ағын су мәселесін көтерсе, Суханбайлық тұрғын

Қабылов Күмісбек мал ұрлығының белең алып отырғанына қынжылды. Осы сауалдарға тиісті сала мамандары көпшілік алдында нақты жауаптарын қайтарды. Аудан басшысы тұрғындардың өтініштері ескерусіз қалмауын

ескертті. Ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Момбаев Жасұзақ әкімдердің есепті баяндамаларына оң бағасын бере отырып, Суханбаев орта мектебіне жөнделу жұмыстарын жүргізу, Ақбозов орта мектебіне спорт кешенін салу және ауылға қатынастың қоғамдық көліктің

тоқтап қалғанын сөз етті. Аудан басшысы спорт залдары аймақтағы он екі білім беру мекемесінде жоқ екенін айтып, бұл өзекті мәселе шешімін таппай отырғанын, қоғамдық көлік қатынасы алдағы уақытта өз шешімін табатынын жеткізді. Өткен күндер мен бүгінгі сәттерге салыстырмалы түрде шолу жасаған ауыл ағасы Ә.Бүтінбаев ауылдастарды Елбасы ұсынған «Мәңгілік ел» болуға үндеді, ауыл және аудан әкімдерінің

есептеріне қанағаттанарлық деген баға берді. Жанатұрмыс ауылдық округіндегі Жібек жолы ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы Бейсен Жүзгенбаев ауылға газ кіргізу мәселесін көтеріп, аймақтағы оң өзгерістерді тілге тиек етті. Сондай-ақ бүгінде қоғамдағы үлкен бір мәселе саналатын – бала тәрбиесіне көп көңіл бөлу қажеттігіне көңіл аударды. Баланы мектеп ұстаздары ғана емес, ата-аналар болып бірге тәрбиелеу туралы ұсынысы көптің көкейінен қонымды орын алғаны анық. «Сәкен» шаруа қожалығының жетекшісі С.Жанысбаев тынайтықш алуағы кедергілер жайлы айтып, Тегістік ауылына су мұрабын сайлауды ауылдық округ әкімінен өтінді. Тегістік ауылының тұрғыны Ж.Самылтыров ағын су мен мал ұрлығының белең алуын, көкбастаулық тұрғын Қ.Маханбетжанов мал жайылымының тарылып бара жатқанына алаңдаушылық білдірді. Жібек жолы ауылының тұрғыны, зейнеткер О.Балтабаев жедел жәрдем көлігі, орта мектепке спорт зал, ауылға мәдениет үйі салынса, жастар баратын үйірмелер ашылса деген өтінішін аудан басшысына жеткізді.

Ауыл тұрғындары тарапынан берілген ұсыныс-тілектерге аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы мен тиісті сала басшылары нақты жауаптар қайтарды.



САЙЛАУ-2016

ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

М.Шалғынбай,
«Ауыл жаңалығы».

Бүгінгі таңда еліміз аумағында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және жергілікті мәслихаттардың депутаттарын сайлауды әзірлеу мен өткізуге дайындық жұмыстары басталып кеткені белгілі. Облыс әкімі Карім Көкрекбаевтың тапсырмасына сәйкес Тараз қаласы мен аудандарда сайлауды ұйымдастыру және өткізу бойынша атқарылып отырған жұмыстарды зерделеу жөнінде жауапты азаматтар белгіленіп, үстіміздегі жылдың 9-10 ақпаны күндері арнайы топ дайындық барысын зерделеген еді.

Құрамында облыс әкімі аппаратының бас инспекторы Бақыт Базаров, облыс әкімдігі қаржы басқармасы басшысының орынбасары Сәкен Асатов, аудан әкімінің орынбасары Сағындық Кенжебаев бар топ мүшелері аудан аумағындағы округтік сайлау комиссияларының дайындықтарын зерделеп шықты. Дайындық жұмыстарын анықтау барысында белгілі болғаны аудан бойынша үш облыстық округтік сайлау комиссиясы, 15 аудандық округтік сайлау комиссиясы, 35 сайлау учаскелері жұмыс атқаратын (жабық сайлау учаскелері жоқ) болады.



Облыстық округтік сайлау комиссиясы №10, №11, №12 аудандық округтік сайлау комиссиясы №1 - №15 және сайлау учаскелері №113 - №147 қажетті кеңсе тауарларымен қамтылмаған.

№113-тен - №147-ші сайлау учаскелерінде дауыс беруге арналған кабиналары мен қажетті дауыс беру жәшіктері (урналар) орнатылыпты. Аталған сайлау учаскелеріндегі дауыс беруге арналған кабиналардың маталары ескіргеніне байланысты 500 шаршы метр матаға, түгендеу жүргізу нәтижесінде анықталған, тозығы жеткен маталарға облыстық сайлау комиссиясына тапсырыс жасалған.

№115 - №147 сайлау учаскелерінде - мәдениет үйі мен орта мектептерде сайлау өткізуге барлық жағдайлар жасалған, ғимараттарда жылу температуралары қалыпты деңгейге келтірілген.

Сонымен қатар, комиссия төраға, төрайымдары мен мүшелері өздеріне жүктелген міндеттер мен заңдылықтарды толық білетіндігі тексерілді. №113, №119, №144 сайлау комиссиялары мүшелері өздерінің қай партиядан немесе қоғамдық ұйымнан ұсынылғаны жөнінде нақты мәлімет бере алды.

Сайлау учаскелерінің төраға, төрайымдары, орынбасарлары мен хатшыларының қатысуымен ағымдағы жылдың 29 қаңтары мен 5 ақпанында семинарлар өткізілген. Алдағы уақытта ағымдағы жылдың 19 ақпаны және 4 наурызында семинарлар өткізу жоспарлануда.

Сонымен қатар, сайлау учаскелерінің атаулары маңдайшаларда толық жазылғандығы да назардан тыс қалмады.

Зерделеу барысында сайлау науқанын қаржылық, материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етуге байланысты өзекті мәселелер жөнінде бірқатар түсініктемелер берілді.

Сайлау учаскелерінде дауыс беруді ұйымдастырудың және өткізудің рәсімдеріне, учаскелік сайлау комиссияларының іс-әрекеттеріне айрықша көңіл бөлінді.

Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 27 жыл толуына орай

ОН СЕГІЗІНДЕ ОТ КЕШКЕН

Г. Ермұратова,
«Ауыл жаңалығы».

1979 ЖЫЛЫ 25 ЖЕЛТОҚСАНДА КСРО ӘСКЕРЛЕРІ АУҒАНЫСТАН ШЕКАРАСЫНАН ӨТІП, ОНДА 1989 ЖЫЛДЫҢ АҚПАНЫНА ДЕЙІН СОҒЫС ҚИМЫЛДАРЫН ЖҮРГІЗДІ. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА 14453 КЕҢЕС САРБАЗДАРЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ 22 000 ЖАУЫҢГЕР ҰРЫС ДАЛАСЫНАН ҚАЙТПАДЫ.

Аймаңтөбелік Жамбыл Төлепбаев та интернационалдық борышын ауған жерінде өтеп келген жауынгерлердің бірі. 1963 жылдың 20 наурызында Аймаңтөбе (бұрынғы Ленин колхозы) ауылында дүниеге келген ол орта мектепті бітірген соң, 1981 жылдың күзінде Қарулы Күштер қатарына шақыртылып, алдымен Алматы облысына қарасты Іле ауданында екі айлық дайындық курсынан өткен соң, Кабул қаласында орналасқан 485170 әскери бөлімнің танкі жөндеу батальонына түседі.

-Ауғанстандағы сұрапыл соғыс 9 жыл 10 айға созылды. 15 ақпан күні-ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 27 жыл толады. Қаншама жылдар өткенімен соғыс салған жара жазылар емес. Аудан орталығы-Сарыкөмерде ауған жерінде қаза тапқан жауынгерлерге арнап, ескерткіш орнатылды. «Батырдың ғұмыры қысқа, даңқы ұзақ» дегендей, қанды шайқаста батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен, қаһарман жауынгерлер сұханбайлық Нүркен Абдуәлиев, жетібайлық Қайрат Сүлейменов, кеңестік Ергали Темірбаевтардың ерліктері ешуақытта ұмытылмайды. Даңқты батырлардың ерліктері кейінгі өсіп келе жатқан жастарды отансүйгіштікке, өз елінің патриоты болуға тәрбиелейді.

XX ғасырдағы ең ұзақ соғыс-бұл



ауған жеріндегі шайқас екен. 1979-89 жылдар аралығында, яғни 2238 күнге созылған бұл соғыста көптеген отбасының шаңырағы шайқалды. Жалғыз боздағынан айырылған ана, жесір қалған әйел, әкесіз өскен бала мен шаңырағы ортасына түскен отбасылар қаншама? Енді ғана азамат атанып, әскер қатарына алынған жігіттеріміз жат жерде көз жұмды, кейбір жауынгерлер із-түзсіз жоғалып кетті. Аяқ-қолдан айырылған мүгедектер де аз емес. Жалпы ауған соғысының қасіреті мен қайғысы ұшан-теңіз,-дейді бізбен әңгімесінде Жамбыл ағынан жарылып.

«Жұмбақ соғыс» деген атаумен тарихқа енген аталмыш қырғынның ортасына түскендердің дені 18 жаста болатын. Мағынасыз майданға тарихшылар түрлі баға бергеніне қарамастан, бұл соғыстың бел ортасында болған Жамбыл секілді өрімдей жастардың алдында үлкен

мақсат тұрды. Ол Ауғаныстан жеріндегі душмандар басқыншылығына тойтарыс беріп жергілікті халықтың тыныштығын қорғау және өзінің отан алдындағы интернационалдық борышын қалтқысыз өтеу болатын.

Жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, елге аман оралып, туған жерімен қауышқан Жамбыл Өзімұлы әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысынан артта қалған ауған халқының тұрмысы, өгіз арбамен жер жыртып, егін еккен шаруаның келбеті, аш-жалаңаш тамақ сұраған балалардың жүзі, ұрыс кезінде қаза тапқан жолдастарының бейкүнә жанары туралы айтуға құлқы жок екенін бірден байқатты. Жолдастары В. Ибрагимов пен А. Клищенко үшеуі Кабул қаласының таулы аймағында орын тепкен әскери батальонда кызмет ете жүріп, өліммен бетпе-бет келген кездері де аз болмапты. Интернационалдық борышын адал атқарғаны үшін Жамбыл Төлепбаев «Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 25 жыл» және ауған елінің «Интернационалист жауынгер» секілді бірнеше медальдармен, төсбелгімен марапатталған.

Сонау Ауған жерінде қару асынып, мұң арқаалаған сын сағатта ерлік пен өрліктің үлгісін көрсеткен Жамбыл 1983 жылдың желтоқсанында туған жерге оралған-ды. 1984 жылдан 1996 жылға дейін Михайловка АТП-да жүргізуші болып еңбек еткен ол зайыбы Перизат екеуі бүгінде алты перзент тәрбиелеп отыр. Немеренің қызығын көріп отырған атпал азамат кейбір қаруластары секілді «бірнеше душманды қырып, ерлік жасадым» деп мақтанудан бойын аулақ ұстайды. Қарапайымдылығы соншалық ол өзінің жұмыссыз жүргендігін де жасырып қалды. Осы сәтте маған Төлеген ақынның: «Бұл қазаққа жігіттер бар нар қасқа, Жаркылдаған алмас па?!» деген өлеңі ауған соғысының ардагері Жамбыл Төлепбаевқа арналып айтылғандай көрінді.

БАҒДАРЛАМА ІС ЖҮЗІНДЕ

ЖОБА АЯСЫНДА ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛМАҚ

С.Саменбаев,
«Жұмыспен қамту»
орталығының маманы.

Қоғам дамуының да, адамзат өркениетінің де өзегі өнімді еңбек екені дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Ал, жеке адамның өмірінің алтын арқауы осы маңдай тер, табан ақы, адал еңбекпен өрілетіні әлімсақтан белгілі. Атам қазақ «Еңбек етпеген ішіп-жемейді» дегенде тек қарын қамын ғана емес, өмірдің мәні еңбек екенін алға тартса керек. Рас, егемендіктің елен-алаңында жұмыссыздықтың белең алғаны шындық. Бірақ, қазір жұмыс жок деген тек еріншектің айтар сылтауы ғана. Әйтпесе, қазір жұмыс істегісі келетін, ізденген жаңа мүмкіншілік баршылық. Елбасы «Жұмыссызға балық берудің қажеті жоқ, оған балық аулауды үйрету керек» дегенде еңбек етуге жағдай туғызу туралы айтып отырғаны шындық. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 5 реформа,100 нақты қадам бағдарламалық Жолдауында ең басты тапсырмаларының бірі – бұл әлеуметтік-еңбек қатынастарының модельдерін қалыптастыру, жұмыспен қамту саласын дамыту болып табылады. Нұрсұлтан Әбішұлы халықты еңбекпен қамтамасыз етуді ұдайы назарда ұстап келеді. Сондықтан да Елбасы жыл сайынғы халыққа Жолдауларында жана жұмыс орындарын ашудың, адамдарды жана кәсіптерге даярлаудың нақты жолдарын ұсынып, осы тапсырмаларды жүзеге асыруды жетілдіріп, білікке қадам тапсыруда. Өз ісін ашамын дегендерге қолдау көрсететін мемлекеттік бағдарламалар қаншама? Сол себепті бүгінгі таңда жұмыссыздарды, өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды нақты экономикаға қосуды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асыру маңызды.

«Жұмыспен қамту - 2020 жол картасы» бағдарламасының бірінші бағыты инфрақұрылымдарды дамыту және азаматтарды тұрғын үй-коммуналды шаруашылығындағы жөндеу жұмыстарына араластыра отырып жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді, инженерлік-көліктік транспорттық инфрақұрылымдар мен әлеуметтік маңызы бар объектілерге ауыл жастарын тартуды көздейді. «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы кез келген инвестициялық жоба аясында еңбек ресурстарын, яғни ауыл тұрғындарын уақытша жұмыспен қамту мүмкіндіктерін барынша кеңейтеді. Осы мақсатта үстіміздегі жылы аудан аумағында 67 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда.

Аталмыш бағдарламаның екінші бағыты ауыл тұрғындарына шағын несиелер беру арқылы өз ісін құру немесе дамыту мақсатында ауылдықтардың бастамаларына қолдау көрсету болып отырады. Бір ғана жеке кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған шағын несиені қамтамасыз ету көлемі 3 млн. теңгені құрап, ал сыйақы мөлшерлемесі 6%-дан аспайды.



Ауылдық жерлердегі жұмысқа орналастыру мәселесі әлі де өзекті. Жаңа бағдарлама ауыл тұрғындары өз ісін бастап жүргізу үшін жан жақты жайттарды қарастырып отыр. Айталық, бизнес-жоспарды дайындау бір бөлек болса, оны жүргізу екінші мәселе екені айдан анық. Сол үшін өз ісін ары қарай жүргізу мақсатында бағдарлама аясында кәсіпкерліктің негізі жайлы тегін, айлық курстар қарастырылған.

Үшінші бағыт: «Жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу» болып табылады. Осы бағыттың 1-ші құрамдас бөлігі жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде қайта даярлау курстарына 18 адам, біліктілік арттыруға 7 адам қамтылуда. Оқу тегін, шәкіртақы төленеді, мамандығын алған соң жұмыстары тұрақтандырылады.

Жастар тәжірибесі республикалық бюджеттен қаржыландырады, ұзақтығы 6 айдан аспайды, 29 жасқа дейінгі жастар мамандық алып, оқуды аяқтағаннан кейінгі 3 жылдан аспаған білімгерлер қабылданады. (Бағдарламаның 2014 жылғы 8 қазандағы №1066 қаулысымен бекітілген өзгерістеріне сәйкес). 2016 жылға жастарға 158 орын, әлеуметтік жұмыс орындарына 90 орын қарастырылып отыр.

Бұдан бөлек, үстіміздегі жылы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасылары ішіндегі жұмысқа жарамды мүшелерін «Өрлеу» жобасы аясында жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына тарту мақсатында ақылы қоғамдық жұмысқа 260 адам, инфрақұрылымдық жұмыстарға 67 адам жоспарланса, шартты ақшалай көмек тағайындалуы тиіс отбасы саны 332-ні құрамақ. Сондай-ақ атап өткеніміздей, инфрақұрылымдық жұмыстарға: Н.Киткбаев, Қазақстанның 40 жылдығы, Үлгілі орта мектептері мен орталық аудандық аурухананың ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарына жұмысшылар тартылмақ.

Жоғарыда көрсетілген халықты жұмыспен қамтуға ықпал ететіндей шараларды қабылдау ауданда жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеуге және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың сақталуына мүмкіндік туғызды. Бағдарламаға қатысамын деген аудан тұрғындары Байзақ ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-не келіп тіркелулеріңізге болады.

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУҒА АРНАЛДЫ

“Еліміздің басты капиталы-білімді жастар” деген болатын Елбасымыз. Білім мен ғылымның арқасында адамзат баласы өркендеп-өсіп, алға қарай жылжып келеді. Әсіресе өсіп келе жатқан жасөспірімдердің діни сауаттылығын көтеру-уақыт талабынан туындап отырған міндет. Елбасымыздың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы - қапыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында радикализм, экстремизм және терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы күрес жүргізуді мемлекет пен оның институттарының маңызды бағыты ретінде белгілеп берген болатын.

Жақында Ботамойнақ ауылдық клубында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

М.Шартықбаеваның ұйытқы болуымен “Қазақстандағы діни ахуал және оның қоғамдық өмірге әсері” тақырыбында семинар-практикум өтті.

Алқалы жиында сөз алған Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» бөлім басшысы Е. Жақыпов ата дініміз-исламның тарихына шолу жасады.

-Қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрі ислам құндылықтарына негізделген. Алмағайып замандарды бастан өткерген халқымыз ата дінін, тілін, дәстүрін сақтай білген. Әбу Ханифа мазхабы біздің өмір салтымызбен бітеқайнасып үндесіп жатыр,-дей келе баяндамашы еліміздің мәдени және әлеуметтік өмірінде ислам дінінің алатын орнына, өзге ағымның жетеңіде кеткен қандастарымыздың тағдыры, діни радикализмнің қауіптілігіне тоқталды. Экстремизм, фанатизм және дін құндылықтарын бұрмалаушылық діннен мүлдем алшақ жатқан ұғымдар екенін түсіндіріп, әлемдегі барлық

дәстүрлі жаһандық дін атаулы ешқашан озбырлық пен зорлық-зомбылықты қабылдамайтындығын, керісінше адамгершілікке, өзара түсіністікке, өзге ұлттар мен сенім-нанымдарға барынша құрметпен қарауға шақыратындығы турасында сөз қозғайды. Әлемдегі және әрбір отбасындағы тыныштық пен мейірімділік және жетістік біздің ортақ мүддеміздің кепілі болып табылатындығын, болашағы біртұтас ұлт “біздің бірлігіміз-біздің әралуандығымыз” екендігін, ұлттық құндылықтарымыз: тілімізді, дінімізді, тарихымызды, салт-дәстүрлерімізді жетік білудің маңызын сөз етті. Заң аясында атқарылып жатқан жұмыстар және де тыйым салынған ұйымдар жайлы айтып өтті.

Бұдан соң сөз алған аудандық прокуратурасының аға прокуроры Б. Қалыбаев жас буынның басты міндеті білім алу екендігін айтты. Аудан әкімдігі білім бөлімінің тәрбие жөніндегі әдіскері И. Спаналиев болса қоғамға қатер төндіретін жат діни

ағымдардан сақ болу, интернеттен қажетті ақпарат алу, мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау жайын әңгімеледі

Сонымен қатар «Соқыр сенім», «Айналайын, адаспа!» секілді бейнефильмдер көрсетіліп, “Дін дегеніміз не?”, “Террорлық әрекеттен зардап шегетін кім?”, “Әлемдік діндердің айырмашылығы қандай?”, “Саллафиттер деген кімдер?”, “Хиджап қажет пе?”, “Діни сауатты адам деп кімді айтамыз?” деген сұрақтарға жан-жақты жауаптар берілді.

Шара соңында мектеп директоры А. Есжанова алғысын білдіріп, мұндай шаралар жиі ұйымдастырылса деген өтінішін білдірді.

Оқушылардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Абитаеваның мұрындық болуымен Ы. Алтынсарин атындағы мектепте “Діни сауаттылық-уақыт талабы” атты тақырыпта өткен дөңгелек үстелге 7-8-

9-11 сынып оқушылары қатысты.

Дөңгелек үстелді мектеп директоры Т. Мамасеріков ашып, діннің қоғамдағы ролін баяндады. Аудандық ішкі саясат бөлімінің маманы С. Айтенова, Жамбыл облысы бойынша ҰҚК аудандық бөлімшесінің маманы Б. Мамырбаев жастар мен оқушылардың діни сауаттылығын көтерудің маңызын тілге тиек етті. Ата-аналар комитетінің төрайымы А. Инкарбаева болса бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролін күшейту қажеттігін айтса, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Зәуірбекова “Теріс діни ағымның қоғамға тигізетін әсері” тақырыбында баяндама жасап, өзге діннің арбауына түскен қандастарымыздың аянышты тағдырынан ақпарат берді.

Педагог-психологтар М. Айтекеева мен А. Сатенова “Алтын сандық” атты оқушылармен тренинг өткізе отырып, жас ескілердің діни ағымдарға деген көзқарастарын зерделеді.

Өз тілшіміз.

БАҒДАРЛАМАСЫ

Дүйсенбі 15 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

17.00 “Менің Қазақстаным!”, 17.30, 19.30, 00.00, 03.00 “KAZNEWS”, 17.50 “Бүгінгі күннің бағыттары”, 18.00 “Өзгерген өңір”, 18.20 М/с “Аюлар”, 18.35 Т/х “Жүрегім сізге аманат”, 20.20 “Серпіліс”, 21.05 Т/х “Шырғалаң”, 22.00 Т/х “Келін”, 22.55 “Түнгі студияда Нұрлан Қойнбаев”, 23.30 “...Үй болу қиын”, 00.45 “SPORT.kz”, 01.05 “Әйел бақыты”, Ток-шоуы, 02.00 “Ақсауыт”, 02.30 “Түнгі студияда Нұрлан Қойнбаев”, 03.45 Әнұран.

ЕВРАЗИЯ

Профилактика да 17.00

17.00 Жаналықтар, 17.05 “Дауай покенимсы!”, 18.00 “Пусть говорят”, 19.00 Т/с “Золотая клетка”, 20.00 “Главные новости”, 21.00 Т/х “Сүйген жар”, 21.30 Т/х “Ғажайып жан”, 22.00 “Басты жаналықтар”, 22.45 Т/х “Дюжда және Акбар”, 23.35 “П@yтina” бағдарламасы, 00.00 “Время”, 00.30 Т/с “Мажор”, 01.45 “П@yтina” бағдарламасы, 02.30 “Басты жаналықтар”, 03.10 “Сапа бақылауда”, 03.35 “Контрольная закупка”.

АСТАНА

07.00 “KAZNET”, 07.50 М/ф “Түзак”, 08.10 “Біздің уақыт”, 09.00, 14.40 Т/х “Ханшайым”, 10.20 Т/с “Украденная жизнь”, 11.30, 18.00 Т/х “Жетім жүрек”, 13.00, 22.00 Т/х “Әлия”, 14.00 “Избранное за неделю”, 16.00 Т/х “Махаббат хикаясы”, 17.00, 21.00 Т/х “Ұрланған тағдыр”, 20.00, 00.10 Жаналықтар, 20.30, 23.40 Новости “20:30”, 22.50 Т/с “Меч-2”, 00.40 Т/х “Өмірші әйел”.

ХАБАР

С 3.00 да 17.00 - технический перерыв

17.00, 04.00 ҚР әнұраны, 07.02 Новости, 17.15 Т/с “След”, 17.55 “Орталық хабар”, 19.00 “ТВ БИНГО”, 19.55, 23.45 “Негизінде...”, 20.00, 23.50 Жаналықтар, 20.30 “Арнайы хабар”, 20.55, 00.20 “По сүті”, 21.00, 00.25 “Итоги дня”, 21.30 Т/с “Осколки”, 22.30 “Жекпе-жек”, 23.15 “Бетпе-бет”, 00.55 “Сотқа жеткізбей” деректі драмасы, 01.25 Жаналықтар.

КТК

Техническая профилактика до 17.00

17.00 ҚР әнұраны, 17.05 Т/х “Тағдырмен тартыс”, 18.00 Т/х “Махаббат мұны”, 19.00 Т/х “Махаббат шек бар ма?”, 20.30 Жаналықтар, 21.00 Вечерние новости, 21.40 “Главная редакция”, 22.10 Т/с “Сильнее судьбы”, 00.00 Т/х “Хмуров”, 01.40 “Біздің концерт”, 02.35 Жаналықтар.

31 КАНАЛ

Профилактические работы

16.58 ҚР әнұраны, 17.00 Т/с “Панины дочка”, 18.00 Т/с “Лондонград. Знай наших”, 19.00 Т/с “Слуга народа”, 20.00 “Информбюро”, 21.00 Т/х “Киелі неке”, 23.00 Т/х “Күйеу бала”, 00.00 Т/с “Слуга народа”, 01.00 Х/ф “Высоты свободы”, 03.00 Х/ф “Последняя мимза Веселенной”, 05.00 М/с “Дак Долджер”.

ҚАЗАҚСТАН-ТАРАЗ

Планово-профилактические работы

17.50- **техникалық үзіліс**, 17.55 “Бірінші студия”, 18.20 Жаналықтар, 18.35 Новости, 18.50 “Телемаркет”, 18.55 “Телебюлетень”, 19.00 “Сазды әуен”, 19.15 Т/х “Қызыл сарайдағы түс”, 20.00 Жаналықтар, 20.20 Новости, 20.40 “Телебюлетень”, 20.45 “Күй күмбірі”, 20.55 “Мұғалім мәртебесі”, 21.10 “Қоғам және заң”, 21.25 “Сөз маржан”, 21.30 “Телемаркет”, 21.40 “Телебюлетень”, 21.45 “Әулиеата әуендері”, 21.55 “Жүрегім сізге аманат”, 23.25 Т/х, 00.00 Жаналықтар, 00.20 Новости, 00.40 “Телебюлетень”, 00.45 “Сазды әуен”.

Сейсенбі 16 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

07.00 “Таншолпан”, 08.00, 09.30 “KAZNEWS”, 10.00, 21.05 Т/х “Шырғалаң”, 10.50, 00.50 Т/х “Өңке”, 11.45 “Айтуға оңай...”, 12.30 “...Үй болу қиын”, 13.00 “Бірге таңдаймыз!”, 14.10, 22.00 Т/х “Келін”, 15.00 “Әйел бақыты”, Ток-шоуы, 16.05, 18.35 Т/х “Жүрегім сізге аманат”, 17.05 “Әйел бақыты”, Ток-шоуы, 16.05, 18.35 Т/х “KAZNEWS”, 17.55 “Қылмыс пен жаза”, 18.15 М/с “Аюлар”, 20.20 “Айтуға оңай...”, 22.55 “Түнгі студияда Нұрлан Қойнбаев”, 23.30 “...Үй болу қиын”, 01.35 “Әйел бақыты”, Ток-шоуы, 02.30 “Түнгі студияда Нұрлан Қойнбаев”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Жаналықтар, 06.05 “Жить здорово”, 07.00 Жаналықтар, 07.15 “Сапа бақылауда”, 07.55 Жаналықтар, 08.00 “Доброе утро”, 11.00 Т/с “Белые волки”, 11.55 “Басты патруль” бағдарламасы, 12.05 Т/х “Сүйген жар”, 12.30 Т/х “Ғажайып жан”, 13.00 “Ашығын айтқанда”, Ток-шоуы, 13.55 “П@yтina”, 14.20 Т/с “Станица”, 15.15 “Первые новости”, 15.40 “Судебные истории”, 16.45 “Давай покенимсы!”, 17.50 “Пусть говорят”, 18.55 Т/с “Золотая клетка”, 20.00 “Главные новости”, 21.00 Т/х “Сүйген жар”, 21.30 Т/х “Ғажайып жан”, 22.00 “Басты жаналықтар”, 22.45 Т/х “Дюжда және Акбар”, 23.35 “П@yтina” бағдарламасы, 00.00 “Время”, 00.30 Т/с “Мажор”, 01.45 “П@yтina”, 02.30 “Басты жаналықтар”, 03.15 “Ашығын айтқанда”.

АСТАНА

07.00 “KAZNET”, 08.00, 20.30, 23.40 Новости “20:30”, 08.30, 20.00, 00.10 Жаналықтар, 09.00, 14.40 Т/х “Ханшайым”, 10.20 Т/с “Украденная жизнь”, 11.30, 18.00 Т/х “Жетім жүрек”, 13.00, 22.00 Т/х “Әлия”, 16.00 Т/х “Махаббат хикаясы”, 17.00, 21.00 Т/х “Ұрланған тағдыр”, 22.50 Т/с “Хорошие руки”, 00.40 Т/х “Өмірші әйел”.

ХАБАР

07.02 “Білгенге маржан”, 08.00 “Жаңа күн”, 10.00 Жаналықтар, 10.10, 21.30 Т/с “Осколки”, 11.00 Новости, 11.10 “Магия кухни”, 11.45, 01.25 “Сотқа жеткізбей” деректі драмасы, 12.15, 19.15 Т/х “Тракторшының махаббаты”, 13.00 Жаналықтар, 13.15 Т/с “Условия контракта”, 14.10 Т/с “Гречанка”, 15.00 Новости, 15.10 Т/х “Сүйген жарым”, 16.00 Жаналықтар, 16.15 “Біздің үй”, 17.00 Новости, 17.15, 22.30 Т/с “След”, 17.55 “Тағдыр жолы”, 18.25 Т/х “Паленшеверт”, 19.55, 00.15 “Негизінде...”, 20.00, 00.20 Жаналықтар, 20.30 “Жетім жүрек”, 20.55, 00.45 “По сүті”, 21.00, 00.55 “Итоги дня”, 23.15 “Бетпе-бет”, 23.45 “Арнайы хабар”, 01.55 Жаналықтар.

КТК

06.05 М/ф, 06.30 Д/с “Вав”, 07.40 Т/х “Қарадайы”, 08.40 Жаналықтар, 09.10 Т/х “Махаббат пен өшпенділік”, 10.10 Т/с “Сильнее судьбы”, 12.00 Новости, 12.40 “Главная редакция”, 13.20 “Дружная правда”, 14.10 Т/с “Хмуров”, 15.50 “Барышня-крестянка”, 16.30 Т/х “Тағдырмен тартыс”, 18.00 Т/х “Махаббат мұны”, 19.00 Т/х “Махаббат шек бар ма?”, 20.30 Жаналықтар, 21.00 Вечерние новости, 21.40 “Диагноз”, “Ожог”, 22.10 Т/с “Сильнее судьбы”, 00.00 Т/х “Хмуров”, 01.40 Жаналықтар, 02.05 “КТК” коржынынан”.

31 КАНАЛ

06.00 “Ризамын”, 07.00 Т/х “Киелі неке”, 09.00 Т/х “Базарбаевтар”, 10.30 М/с “Финистогруны”, 12.00 “Ералаш”, 13.00 “Информбюро”, 14.00 Т/х “Байбіше-тоқал”, 15.00 Т/х “Бригада”, 16.00 Т/х “Панины дочка”, 18.00 Т/с “Лондонград. Знай наших”, 19.00 Т/с “Слуга народа”, 20.00 “Информбюро”, 21.00 Т/х “Киелі неке”, 23.00 Т/х “Күйеу бала”, 00.00 Т/с “Слуга народа”, 01.00 Х/ф “Бонни и Клайд”, 03.00 Х/ф “Вскрытие пришло”, 05.00 М/с “Дак Долджер”.

ҚАЗАҚСТАН-ТАРАЗ

07.30 “Қайырлы таң, Әулиеата!”, 09.30 Жаналықтар, 09.50 Новости, 10.10 “Сазды әуен”, 10.30 “Телемаркет”, 10.35 “Бірінші студия”, 11.00 “Балаларға базарлық”, 11.25 “Сөз маржан”, 11.35 “Күй күмбірі”, 11.45 Т/х “Қызыл сарайдағы түс”, 12.35 Д/ф, 13.00 Жаналықтар, 13.10 Новости, 13.20 “Балаларға базарлық”, 13.45 “Телебюлетень”, 13.50 “Телемаркет”, 13.55 “Әулиеата әуендері”, 14.05-17.50- **техникалық үзіліс**, 17.55 “Алтын бесік”, 18.10 “Грані”, 18.20 Жаналықтар, 18.35 Новости, 18.50 “Телемаркет”, 19.00 “Сазды әуен”, 19.15 Т/х “Қызыл сарайдағы түс”, 20.00 Жаналықтар, 20.20 Новости, 20.40 “Телебюлетень”, 20.45 “Күй күмбірі”, 20.55 “Сыр-періне”, 21.25 “Сөз маржан”, 21.30 “Телемаркет”, 21.40 “Телебюлетень”, 21.45 “Әулиеата әуендері”, 21.55 “Жүрегім сізге аманат”, 23.25 Т/х, 00.00 Жаналықтар, 00.20 Новости, 00.40 “Телебюлетень”, 00.45 “Сазды әуен”.

Сәрсенбі 17 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

07.00 “Таншолпан”, 08.00, 09.30 “KAZNEWS”, 10.00, 21.05 Т/х

“Шырғалаң”, 10.50, 00.50 Т/х “Өңке”, 11.45 “Айтуға оңай...”, 12.30 “...Үй болу қиын”, 13.00 “Бірге таңдаймыз!”, 14.10, 22.00 Т/х “Келін”, 15.00 “Әйел бақыты”, Ток-шоуы, 16.05, 18.35 Т/х “Жүрегім сізге аманат”, 17.00 “Келбет”, 17.30, 19.30, 00.00, 03.00 “KAZNEWS”, 17.55 “Табысы сыры”, Арнайы жоба, 18.15 М/с “Аюлар”, 20.20 “Айтуға оңай...”, 22.55 “Түнгі студияда Нұрлан Қойнбаев”, 23.30 “...Үй болу қиын”, 01.35 “Әйел бақыты”, 02.30 “Түнгі студияда Нұрлан Қойнбаев”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Жаналықтар, 06.05 “Жить здорово”, 07.00 Жаналықтар, 07.15 “Сапа бақылауда”, 07.55 Жаналықтар, 08.00 “Доброе утро”, 11.00 Т/с “Белые волки”, 11.55 “Басты патруль” бағдарламасы, 12.05 Т/х “Сүйген жар”, 12.30 Т/х “Ғажайып жан”, 13.00 “Ашығын айтқанда”, Ток-шоуы, 13.55 “П@yтina” бағдарламасы, 14.20 Т/с “Станица”, 15.15 “Первые новости”, 15.40 “Судебные истории”, 16.45 “Давай покенимсы!”, 17.50 “Пусть говорят”, 18.55 Т/с “Золотая клетка”, 20.00 “Главные новости”, 21.00 Т/х “Сүйген жар”, 22.00 “Басты жаналықтар”, 22.45 Т/х “Дюжда және Акбар”, 23.35 “П@yтina”, 00.00 “Время”, 00.30 Т/с “Мажор”, 01.45 “П@yтina”, 02.30 “Басты жаналықтар”, 03.15 “Ашығын айтқанда”.

АСТАНА

07.00, 14.10 “KAZNET”, 08.00, 20.30, 23.40 Новости “20:30”, 08.30, 20.00, 00.10 Жаналықтар, 09.00, 22.50 Т/х “Ханшайым”, 10.20 Т/с “Украденная жизнь”, 11.10, 18.00 Т/х “Жетім жүрек”, 13.10, 22.00 Т/х “Әлия”, 14.40 Т/х “Ханшайым”, 16.00 Т/х “Махаббат хикаясы”, 17.00, 21.00 Т/х “Ұрланған тағдыр”, 00.40 Т/х “Өмірші әйел”.

ХАБАР

07.02 “Білгенге маржан”, 08.00 “Жаңа күн”, 10.00 Жаналықтар, 10.10, 21.30 Т/с “Осколки”, 11.00 Новости, 11.10 “Магия кухни”, 11.45, 01.40 “Сотқа жеткізбей” деректі драмасы, 12.15, 19.15 Т/х “Тракторшының махаббаты”, 13.00 Жаналықтар, 13.15 Т/с “Условия контракта”, 14.10 Т/с “Гречанка”, 15.00 Новости, 15.10 Т/х “Сүйген жарым”, 16.00 Жаналықтар, 16.15 “Біздің үй”, 17.00 Новости, 17.15, 22.30 Т/с “След”, 17.55 “Тур де Хабар”, 18.25 Т/х “Паленшеверт”, 19.55, 00.00 “Негизінде...”, 20.00, 00.05 Жаналықтар, 20.30 “Қайсар Жандар”, 20.55, 00.35 “По сүті”, 21.00, 00.40 “Итоги дня”, 23.30 “Бетпе-бет”, 01.10 “Арман қанығында”, 02.10 Жаналықтар.

КТК

06.05 М/ф, 06.30 Д/с “Вав”, 07.40 Т/х “Қарадайы”, 08.40 Жаналықтар, 09.10 Т/х “Махаббат пен өшпенділік”, 10.10 Т/с “Сильнее судьбы”, 12.00 Новости, 12.40 “Диагноз”, 13.20 Т/с “Хмуров”, 15.10 “Барышня-крестянка”, 16.10 Т/х “Тағдырмен тартыс”, 18.00 Т/х “Махаббат мұны”, 19.00 Т/х “Махаббат шек бар ма?”, 20.30 Жаналықтар, 21.00 Вечерние новости, 21.40 “Черный квадрат”, 22.10 Т/с “Сильнее судьбы”, 00.00 Т/х “Хмуров”, 01.40 Жаналықтар, 02.05-03.00 “КТК” коржынынан”.

31 КАНАЛ

06.00 “Ризамын”, 07.00 Т/х “Киелі неке”, 09.00 Т/х “Байбіше-тоқал”, 10.00 Т/с “Базарбаевтар”, 11.00 М/с “Финистогруны”, 12.00 “Ералаш”, 13.00 “Информбюро”, 14.00 Т/х “Байбіше-тоқал”, 15.00 Т/с “Бригада”, 16.00 Т/с “Панины дочка”, 18.00 Т/с “Лондонград. Знай наших”, 19.00 Т/с “Слуга народа”, 20.00 “Информбюро”, 21.00 Т/х “Киелі неке”, 23.00 Т/х “Күйеу бала”, 00.00 Т/с “Слуга народа”, 01.00 Х/ф “Город и деревня”, 03.00 Х/ф “Гремлина”, 05.00 М/с “Дак и Долджер”.

ҚАЗАҚСТАН-ТАРАЗ

07.30 “Қайырлы таң, Әулиеата!”, 09.30 Жаналықтар, 09.50 Новости, 10.10 “Сазды әуен”, 10.25 “Телебюлетень”, 10.30 “Телемаркет”, 10.35 “Алтын бесік”, 10.50 “Грані”, 11.00 “Балаларға базарлық”, 11.25 “Сөз маржан”, 11.30 “Телебюлетень”, 11.35 “Күй күмбірі”, 11.45 Т/х “Қызыл сарайдағы түс”, 12.35 Деректі фильм, 13.00 Жаналықтар, 13.10 Новости, 13.20 “Балаларға базарлық”, 13.45 “Телебюлетень”, 13.50 “Телемаркет”, 13.55 “Әулиеата әуендері”, 14.05-17.50- **техникалық үзіліс**, 17.55 “Уроки самопознания”, 18.20 Жаналықтар, 18.35 Новости, 18.50 “Телемаркет”, 18.55 “Телебюлетень”, 19.00 “Сазды әуен”, 19.15 Т/х “Қызыл сарайдағы түс”, 20.00 Жаналықтар, 20.20 Новости, 20.40 “Телебюлетень”, 20.45 “Күй күмбірі”, 20.55 “Первая студия”, 21.20 “Сөз маржан”, 21.30 “Телемаркет”, 21.40 “Телебюлетень”, 21.45 “Әулиеата әуендері”, 21.55 “Жүрегім сізге аманат”, 23.25 Т/х, 00.00 Жаналықтар, 00.20 Новости, 00.40 “Телебюлетень”, 00.45 “Сазды әуен”.

Бейсенбі 18 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

07.00 “Таншолпан”, 08.00, 09.30 “KAZNEWS”, 10.00, 21.05 Т/х “Шырғалаң”, 10.50, 00.50 Т/х “Сұңқар”, 11.45 “Айтуға оңай...”, 12.30 “...Үй болу қиын”, 13.00 “Бірге таңдаймыз!”, 14.10, 22.00 Т/х “Келін”, 15.00 “Әйел бақыты”, Ток-шоуы, 16.05, 18.35 Т/х “Жүрегім сізге аманат”, 17.00 “Журналисттер жертегі”, 17.30, 19.30, 00.00, 03.00 “KAZNEWS”, 17.55 “Қазақстандағы әскери білім беру жүйесі”, Д/ф, 18.15 М/с “Аюлар”, 20.20 “Айтуға оңай”, 22.55 “Түнгі студияда Нұрлан Қойнбаев”, 23.30 “...Үй болу қиын”, 01.35 “Әйел бақыты”, Ток-шоуы.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Жаналықтар, 06.05 “Жить здорово”, 07.00 Жаналықтар, 07.15 “Сапа бақылауда”, 07.55 Жаналықтар, 08.00 “Доброе утро”, 11.00 Т/с “Белые волки”, 11.55 “Басты патруль” бағдарламасы, 12.05 Т/х “Сүйген жар”, 12.30 Т/х “Ғажайып жан”, 13.00 “Ашығын айтқанда”, Ток-шоуы, 13.55 “П@yтina”, 14.20 Т/с “Станица”, 15.15 “Первые новости”, 15.40 “Судебные истории”, 16.45 “Давай покенимсы!”, 17.50 “Пусть говорят”, 18.55 Т/с “Золотая клетка”, 20.00 “Главные новости”, 21.00 Т/х “Сүйген жар”, 22.00 “Басты жаналықтар”, 22.45 Т/х “Дюжда және Акбар”, 23.35 “П@yтina” бағдарламасы, 00.00 “Время”, 00.30 Т/с “Мажор”, 01.45 “П@yтina” бағдарламасы.

АСТАНА

07.00, 14.40 “KAZNET”, 08.00, 20.30, 23.40 Новости “20:30”, 08.30, 20.00, 00.10 Жаналықтар, 09.00, 22.50 Т/х “Хорошие руки”, 10.20 Т/с “Украденная жизнь”, 11.10, 18.00 Т/х “Жетім жүрек”, 13.10, 22.00 Т/х “Әлия”, 14.40 Т/х “Ханшайым”, 16.00 Т/х “Махаббат хикаясы”, 17.00, 21.00 Т/х “Ұрланған тағдыр”, 00.40 Т/х “Өмірші әйел”.

ХАБАР

07.00, 03.00 ҚР әнұраны, 07.02 “Бұйымтай”, 08.00 “Жаңа күн”, 10.00 Жаналықтар, 10.10, 21.30 Т/с “Осколки”, 11.00 Новости, 11.10 “Магия кухни”, 11.45, 01.30 “Сотқа жеткізбей” деректі драмасы, 12.15, 19.15 Т/х “Тракторшының махаббаты”, 13.00 Жаналықтар, 13.15 Т/с “Семейные мелодрамы”, 14.10 Т/с “Гречанка”, 15.00 Новости, 15.10 Т/х “Сүйген жарым”, 16.00 Жаналықтар, 16.15 “Біздің үй”, 17.00 Новости, 17.15, 22.30 Т/с “След”, 17.55 “Тур де Хабар”, 18.25 Т/х “Паленшеверт”, 19.55, 23.50 “Негизінде...”, 20.00, 23.55 Жаналықтар, 20.30 “Жетім жүрек”, 20.55, 00.25 “По сүті”, 21.00, 00.30 “Итоги дня”, 23.20 “Бетпе-бет”.

КТК

06.05 М/ф, 06.30 Д/с “Вав”, 07.40 Т/х “Қарадайы”, 08.40 Жаналықтар, 09.10 Т/х “Махаббат пен өшпенділік”, 10.10 Т/с “Сильнее судьбы”, 12.00 Новости, 12.40 “Черный квадрат”, 13.10 Т/х “Хмуров”, 15.30 “Барышня-крестянка”, 16.30 Т/х “Тағдырмен тартыс”, 18.00 Т/х “Махаббат мұны”, 18.30 Т/х “Әйел қырық шырақты”, 20.30 Жаналықтар, 21.00 Вечерние новости, 21.40 “Наша правда”, 22.40 Т/с “Сильнее судьбы”, 00.20 Т/х “Хмуров”, 02.20 Жаналықтар, 02.45-03.00 “КТК” коржынынан”.

31 КАНАЛ

06.00 “Ризамын”, 07.00 Т/х “Киелі неке”, 09.00 Т/х “Байбіше-тоқал”, 10.00 Т/с “Базарбаевтар”, 11.00 М/с “Финистогруны”, 12.00 “Ералаш”, 13.00 “Информбюро”, 14.00 Т/х “Байбіше-тоқал”, 15.00 Т/с “Бригада”, 16.00 Т/с “Панины дочка”, 18.00 Т/с “Лондонград. Знай наших”, 19.00 Т/с “Слуга народа”, 20.00 “Информбюро”, 21.00 Т/х “Киелі неке”, 23.00 Т/х “Күйеу бала”, 00.00 Т/с “Слуга народа”, 01.00 Х/ф “Секс в большом городе”.

ҚАЗАҚСТАН-ТАРАЗ

07.30 “Қайырлы таң, Әулиеата!”, 09.30 Жаналықтар, 09.50 Новости, 10.10 “Сазды әуен”, 10.30 “Телемаркет”, 10.35 “Первая студия”, 11.00 “Балаларға базарлық”, 11.25 “Сөз маржан”, 11.35 “Күй күмбірі”, 11.45 Т/х “Қызыл сарайдағы түс”, 12.35 Деректі фильм, 13.00 Жаналықтар, 13.10 Новости, 13.20 “Балаларға базарлық”, 13.45 “Телебюлетень”, 13.50 “Телемаркет”, 13.55 “Әулиеата әуендері”, 14.05-17.50- **техникалық үзіліс**, 17.55 “Жаса, мені елім!”, 18.10 “Иман нұры”, 18.20 Жаналықтар, 18.35 Новости, 18.50 “Телемаркет”, 18.55 “Телебюлетень”, 19.00 “Сазды әуен”, 19.15 Т/х “Қызыл сарайдағы түс”, 20.00 Жаналықтар, 20.20 Новости, 20.40 “Телебюлетень”, 20.45 “Күй күмбірі”, 20.55 “Сіз не дейсіз?”, 21.30 “Телемаркет”, 21.40 “Телебюлетень”, 21.45 “Әулиеата әуендері”, 21.55 “Жүрегім сізге аманат”, 23.25 Т/х, 00.00 Жаналықтар, 00.20 Новости, 00.40 “Телебюлетень”, 00.45 “Сазды әуен”.

(Телебағдарламаларда өзгерістер болуы мүмкін)

МАМАН КЕҢЕС БЕРЕДІ

ШОШҚАНЫҢ АФРИКАЛЫҚ ОБАСЫ